

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	044-34/16 8 беттің 1беті

Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар

Мамандық: 5В130100 «Жалпы медицина»

Пән: Гинекология

Курс: 4

Кафедра: Акушерлік және гинекология

Құрастырушылар: Акбердиева Г.У.

Шымкент, 2022.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	044-34/16 8 беттің 2беті

Акушерлік және гинекология кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № 01 « 28 » 08 2022ж.

Кафедра меңгерушісі, PhD, қауымдаст. профессор



С.Н. Кулбаева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	044-34/16	
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	8 беттің 3беті	

1. **Клиникалық дағды аталуы:** Қынап және жатыр мойынын айналармен қарау.
2. **Оқыту мақсаты:** фантом мен муляждарды қолдана отырып қынаптың және жатыр мойынын айналармен қарау техникасын үйрету, машықтарын, құзыреттіліктерін дамыту.
3. **Алдын-ала инструктаж бен манекенде дағдыны көрсетуге арналған уақыт – 10 минут.**
4. **Дағдыны игеруге арналған уақыт – 10 минут.**
5. **Дағдыны игеруге арналған қажетті теориялық білімдер:** қынап және жатыр мойынын айналармен қарау үшін қадамдық алгоритмді білу.

Тренажер, симулятор, манекен, моделдер тізімі: : гинекологиялық кресло, гинекологиялық фантом.

6. Медициналық құралдар мен жабдықтар тізімі: қынаптық қосарланған Куско және қасық тәрізді Симпс айналары, бір реттік стерилды қолқаптар.

7. Дағдыны орындау алгоритмі:

№	Қадамдық әрекеттер	Орындалды	Орындалмады	Ескерту
1	Пациентпен сәлемдесеміз. Өзімізді таныстырамыз.			
2	Процедураның мақсаты мен жүргізу ретімен таныстырамыз.			
3	Пациентканы шешінуіне және гинекологиялық креслоға жатуын өтінеміз. Креслоға таза жаялық тосейміз, әйелді гинекологиялық креслоға жатқызамыз. Қарай кезінде әйел арқасымен жатады, бұтаралығын кең ашады, аяқтары тізе мен жамбас-сан буындарында бүгілген болады. Айналармен қарау қынаптық тексеруге дейін жүргізіледі. Осы тексеруді жүргізу үшін қынаптық қосарланған Куско және қасық тәрізді Симпс айналары қолданылады. Қынапқа гинекологиялық айналарды енгізеді, жатыр мойынын ашады. Фолькман қасықшасымен қырынды алады: - жатыр мойыны өзегінен қырындыны			

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		044-34/16
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)		8 беттің 4беті

	шынының ортасына жағады (С - белгімен); - қынаптың артқы күмбездерінен (V - белгімен); - уретрадан (U - белгімен); - қынаптан айналарды шығарады.			
4.	Қолдарды тәртіп бойынша жуады және бір реттік стерилды қолқаптарды киеді.			
5.	Қосарланған қынаптық айналарды енгізу әдісі: жыныстық ернеулерді сол қолымыздың бірінші және екінші саусақтармен ашамыз, оң қолмызға қосарланған айнаны тігінен сала келе көлденең қалпына келтіреміз.			
6.	Айналарды көлденең қалпына келтіре келе айналардың жақтауларын кеңінен ашып бұрамамен қысып қоямыз. Қынаптың қабырғаларының қалыпты жағдайын, кілегей қабатының түсін, бөлінділеріне көңіл аударамыз. Одан кейін жатыр мойынын қарап: пішінін, эпителийінің бүтіндігін, сыртқы ернеуінің формасын, цервикалды өзегінен бөлінділерді (қан, ірің, шырышты) бағалаймыз. Бұл Куско айнасы көмекші болмаған және гинекологиялық кейбір процедура жасау барысында өте ыңғайлы болып табылады.			
7.	Қасық тәрізді Симпс айналарын енгізу әдісі: жыныстық ернеулерді сол қолымыздың бірінші және екінші саусақтармен ашамыз, оң қолмызға төменгі қасықты алып қынапқа қырымен сала келе көлденең қалпына келтіріп қынаптың артқы қабырғасын басып артқы күмбезге қарай бағыттаймыз. Бұл төменгі айнаны көмекші ұстап тұрады. Кейін жоғарғы айнаны-көтергішті оң қолымызға алып дәл солай қырымен сала келе көлденең қалпына келтірін қынаптың алдыңғы қабырғасын көтерін алдыңғы күмбезге бағыттаймыз. Қынап пен жатыр мойынын қарауын қосарланған Куско айнасын жүргізгендей жүргіземіз.			
8.	Айналар қынаптан кері бағатта: көлденеңнен шығара келе тік қалпына келтіріп шығару керек.			

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		044-34/16
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)		8 беттің 5беті

9.	Қолданылған айналарды дез ерітіндісі бар ыдысқа тастау. Бір реттік қолқаптарды Б сыныптағы контейнерге тастау.			
----	--	--	--	--

9. Тапсырмалар: қынаптың және жатыр мойынын айналармен қарауды үйрену, машықтану, құзыреттіліктерін дамыту.

10. Сабақ тақырыбы бойынша бағалауға арналған материалдар

Клиникалық оқиға: Абылайқызы Айгерим, 28жаста, анамнезінде – 2 босану, 0 аборт. Емханаға келді.

Ауру анамнезі: профилактикалық қарау.

Өмір анамнезі: соматикалы дені сау. Д бақылауында тұрмайды. Аллергоанамнез: ауырланбаған. Ота, жарақаттанулар болмады. Гемотрансфузия болмаған.

Ауырған аурулары: жиі ЖРВИ

Жанұялық анамнез: ауырланбаған

Әлеуметтік анамнез: ауырланбаған

Етеккір қызметі: Етеккірі 14 жастан, 4-5 күннен 28 күннен кейін, ретті, ауырсынусыз.

Соңғы етеккірі: 2 мамыр 2018ж., етеккірдің 5-ші күні

Жыныстық өмірі: 22 жастан, некеде. Жүктіліктен сақтану– презерватив.

Репродуктивті функция: босану -2, аборттар – 0, асқынусыз, түсіктер – 0.

Объективті: бойы 164 см, салмағы 60 кг, терісі ашық қызыл түсті, таза. Перифериялық ісіктер жоқ. Өкпесінде тыныс алу везикулярлы, сырылдар жоқ. Тыныс алу жиілігі минутына 18. Жүрек тондары анық, ырғағы дұрыс. ҚҚ 120/80 мм рт.ст. Жүрек соғу жиілігі. Соғу симптомы екі жақтан теріс.

Айнамен тексеру: жатыр мойыны таза, қынап қабырғалары таза. Бөлінділер аз мөлшерде, ақшыл- қызыл түсті. Алынған жағындының қорытындысы қалыпты, бірінші қабылдауда тексерілген.

Қынаптық тексеруде: жатыр денесі тығыз, ауырсынусыз, өлшемдері, орналасуы қалыпты, қосалқылар өзгеріссіз.

Тапсырмалар: қынаптың және жатыр мойынын айналармен қарау, қынаптың тазалық дәрежесіне жағынды алу.

11. Орындауды бағалау критерийлері:

1. Берілген тапсырманы толық орындады.
2. Берілген тапсырманы толық орындамады немесе жартылай орындады.
3. Берілген тапсырманы мүлдем орындаған жоқ.

12. Әдебиет: негізгі және қосымша

1. Гинекология: оқулық/ Г.М.Савельеваның аудармасы

Дополнительная

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		044-34/16
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)		8 беттің ббегі

1. «Компетенции по специальности акушерство и гинекологии» АО «Медицинский университет Астана» под редакцией Дощанова А.М., Ивашевская Р.Ф., Сейдуллаева Л.А., Разумова Р.Р., Кабикенова Д.К., Билялова Г.Т., Халмуратова К.Ж., Астана 2020г.
 - оқу әдістемелік құрал.

13. Бағалауға арналған материалдар бойынша дұрыс жауаптар эталоны
 Қынаптың және жатыр мойынын айналармен қарау.